

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ АГРАРЛЫҚ САЛАҒА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сүйіндік Б.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
bekarus.suyindik@gmail.com
Қарағанды қ.

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының тарихына есімі алтын әріппен ойып тұрып жазылған, ұлтының жүрегінде ерекше орын алған, үлкен бір дәуірді басынан кешіріп, ұлт мүддесін өмірінің соңына дейін қорғап, қиыншылықтарға да қарамастан отаршылдыққа қарсы күресіп, қазақ ұлтының азаматтық келбетінің заман құбылыстарына сай қалыптасуына өз үлесін қосқан біртуар тұлға. Ол – өзінің талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен, толассыз еңбекпен шындалғаны баршамызға аян. Өз ұлтының бітім-болмысын жетік біліп, заман құбылыстарын қалам ұшына іліктіріп, қоғамның беталысын шынайы бейнелеп, туған халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен еңбектерін ұштастыра білген ұлт көшбасшысы 1890-1894жылдары Санкт Петербург Орман институтына түсіп, сонда оқып жүріп өз бетінше емтихан тапсырып, Санкт Петербург университетінің заң факультетін бітіріп шығады. Екі бірдей мамандыққа ие болған Әлихан Бөкейхан осыдан кейін Тобыл губерниясына қоныс аударушылардың шаруашылығын зерттейтін «Тобыл экспедициясы» құрамында еңбек етеді, 1895жылы Ақмола облысы Омбы орманшаруашылығы басшысының көмекшісі болып тағайындалады. Сонымен қатар, Омбы орман мектебінің оқытушысы болып орналасады. 1897жылы Қазақстанның көптеген далалық уездерін зерттеген Ф.Щербина экспедициясы жұмысына қатысқан Әлихан Нұрмұхамедұлы сонымен қоса Сібір теміржолы аймағындағы малшаруашылығын статистикалық – экономикалық тұрғыда зерттеумен айналысқан С.П.Швецовтің экспедициясына да белсене қатысады. Әлихан Бөкейханның құрамында білімді тұлғалар көп болған осы ғылыми экспедицияларға белсене қатысуы оның болашақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуына бастау болды. Сапалы білім мен ұзақ жылдардағы ғылыми – практикалық жұмыс тәжірибесі Әлихан Бөкейханға көрнекті энциклопедист- ғалым болып қалыптасуына, Қазақстан мен оған шекаралас елдердің тарихы мен мәдениетін және экономикасын терең меңгеруіне әсер етті. Ол қазақ халқының мал және егіншаруашылығын алғаш жан – жақты зерттеген көрнекті ғалым, қазақтардың ірі қара малы мен қой тұқымы жайында көптеген еңбектер жазды. Негізі Әлиханды мемлекеттік қайраткер және ғалым ретінде Сібір мен Дала (қазақ) облыстарындағы ауылшаруашылығының даму мәселесі қызықтырды. Ол Омбы қаласында тұрған кезде Мәскеу ауылшаруашылығы қоғамының Омбы бөлімінің ашылып, оның дамуына белсене араласты. Бұл бөлімнің мақсаты Сібір және Қазақстан аудандарында ауылшаруашылығының дамуына жәрдемдесу болып табылды. Осы кезеңде Ә.Бөкейхан өз заманындағы ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтарды ғылыми зерттеу мақалалары арқылы қарапайым халқының құлағына жеткізді. Ғылымы ерте дамыған Европа елдерінің ауыл шаруашылығына қатысты зерттеулерін қазақ ортасына лайықтап аударып, оның жазбаларынан халыққа үлкен үмітпен қараған көзқарасты көреміз. Жалпы, Ә. Бөкейханның ауыл шаруашылығы жайлы ғылыми еңбектер жазуының басты екі мақсаты болды. Біріншіден, қазақ даласының табиғи ерекшелігі мен көшпелі мал шаруашылығының өз заңдылықтарын ескермей жүргізілген аграрлық саясатына ғылыми дәлелдер келтіре отырып қарсы тұру және көптеген ғылыми зерттеулері арқылы аграрлық саясаттың зиянды салдарына көз жеткізбек болды. Екіншіден, әлемдік (Австралия, Швейцария т.б) ауыл шаруашылығының озық тәжірибелерін өз ұлтына ғылыми

тұрғыда түсіндіріп, селекция жұмысының болашағы зор екендігін дәлелдеуге тырысты. Бір сөзбен айтқанда, санға емес сапаға жұмыс жасауға бағыт бергісі келді. Енді, осы мақсаттарды көздеп жазылған көптеген ғылыми зерттеу еңбектерінің біршамасына тоқталсақ.

Ауыл шаруашылығының білгірі атанған Әлихан Бөкейханның маңызды бір ғылыми еңбегі Дала өлкесіндегі қой шаруашылығына арналған. Бұл еңбекте қой шаруашылығы мамандары үшін қызығушылық тудыратын мәліметтер берілген, сонымен бірге бұл мәселе жан-жақты сипатталып, талдау жасаған. Түрлі статистикалық мәліметтер келтіріліп, қазақ қойы мен қой шаруашылығына жан-жақты сипаттама береді және бұл шаруашылықтың түрінің жергілікті халықтың экономикалық өміріндегі оның маңыздылығын көрсетеді. Қазақ өлкесіндегі қой шаруашылығы саласының даму мәселелерін зерттеп, оның қорытындысы есепті экономикалық тұрғыдан маңызы үлкен, тұңғыш ғылыми еңбекті жазған және жариялаған адам – қазақтың ұлы қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалымы Әлихан Бөкейхан. Бұл ретте айтарымыз, Ә. Бөкейханның 1896 - 1903 жылдар аралығында Дала өлкесін зерттеу үшін жұмыс істеген арнайы экспедицияның құрамында Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезін табиғи-тарихи жағынан зерттеп, суреттеуі. Жер түрлерін, бұл мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, шаруашылық жүргізу, жерді пайдалану тәсілдерін анықтау, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға қажетті жер көлемін белгілеп, оның қоныстандыру қорына алу жұмыстарына қатысқаны белгілі.

Әлихан Бөкейханның 1896-1901 жылдары Ф. Щербина бастаған экспедиция құрамында жүріп жинақтаған деректер бұл еңбекте қазақ елінің бірнеше облысындағы ұсақ мал түрлерінің статистикалық есептері жүйелі жазылып берілген. Қазақ қойының Фриз, Романов, Волож секілді орыс қой тұқымдарынан еш кем еместігін дәлелдеп жазады. Қазақ қойының (құйрықты) тұрқы жағынан Фриз, Романов, Волож, Вересковая қой тұқымдары мен салыстырғанда ең ірілер қатарына жататынын дәлелдейді. Осыларды ғылыми сипаттап отырғанда экспедиция материалдарымен қатар профессор П. Н. Кулешовтың «Овцеводство», Добросмысловтың «Скотоводство в Тургайской области» (Оренбург, 1895 г.) атты еңбектеріне сүйеніп, салыстырмалы түрде сілтеме жасап отырады. Қой малының қазақ даласының әртүрлі атыраптарында таралу, өсірілу мөлшері, табиғи жағдайда икемделуі туралы ой - тұжырымдарын қорыта келе Әлихан Нұрмұхамедұлы қой шаруашылығы кейбір жалған отаршыл оқымыстылар айтып жүргендей жабайы, дөрекі, пайдасыз кәсіп емес, сан ғасырлар бойы жасаған ұрпақтың тәжірибелері негізінде сұрыпталған, қоршаған орта жағдайына әбден бейімделген, табиғат пен адам әрекеті арасындағы ынтымақты сақтап қалған, тұрақты өнім алуға болатын шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тамаша жүйесі екенін дәлелдеп берді. Ә. Бөкейхановтың маңыздығы кем емес тағы бір еңбегі «Скотоводство» деп аталады. Бұл еңбекте дала өлкесі мен Батыс Сібірдің бірқатар уездеріндегі ірі қара мал шаруашылығы жағдайына талдау жасалады. Бұл еңбекте автор ірі қара мал түрлерін жан – жақты сипаттап, оның экономикалық тұрғыда тиімділігімен оларды табиғи – климатқа байланысты күтілуі жайлы жазып кетеді. Осы еңбектен мысал келтірер болсам, Әлихан Бөкейхан "Торғай қойын" былай суреттеп айтқан екен: "Торғай қойының үлкен өсуімен ерекшеленеді. Барлық дала қойларынан кіші Зайсан қойын қоспағанда, қырғыз қойы 18 шыннан асады, яғни ол өте үлкен өсуімен ерекшеленеді. Қойдың бүкіл сыртқы түрі, атап айтқанда: ұзын күшті аяқтар, ұзын мойын және біркелкі майлы өсінділер бұл тұқымның алыс қозғалуға және құрғақшылықтың аз мөлшерде берілуіне және тіпті аштыққа берілуіне керемет бейімделуін көрсетеді. Қатты иілген мұрын, ілулі құлақ (қысқа тұрған құлақтар да бар), таңқаларлық дамыған сіңірлері бар құйрықты және күшті биік аяқтар осы тұқымға тән белгілерді құрайды, оны басқалармен араластыру мүмкін емес." - депті. [1. 68 б.] .

Дәйекті дәлелдер арқылы Ә. Бөкейханов қоныс аудару саясатының қарқынын арттырудың ешбір ғылыми негізі жоқ екендігін және оның экологиялық салдары көп уақыт өтпей-ақ сезілетіндігіне патша үкіметінің назарын үнемі аудартып отырды. Ол өз еңбектерінде патша үкіметінің аграрлық саясатының отарлық мазмұнын әшкерелеп қана қойған жоқ, сонымен қатар осынау сын сағатында жер мәселесі бойынша қазақ халқына отырықшылық норманың емес, көшпелі шаруашылықты сақтап қалудың қажеттілігін дәлелдеп, қазақ жеріне

қоныс аударып келген шаруалардың жерді пайдаланудағы көрініс берген келеңсіз құбылыстарын сынға алды. Патша үкіметінің қазақтарды отырықшыландыру саясатының астарында отарлық саясат жатқандығына қоғамның назарын аудартты: «... көшпелі халық ақырында бір отырмақшы десек, 250 жылда бәрі жатақ болмақ. Міне, эволюция жолыныңшабаны, жер жүзінде қанша отырған мәдени халық осы ғұмырдың шабан жолымен отырықшы болған. Бұл шабан жол қағазға жазылып, он бестен жер белгілеп алғанға бұзылмайды. Мал бағып, шаруа қылып отырған халық қағазбен он бестен жер бергенге егінші болып кетпейді... Мемлекет қазақты өзінің баласының бірі қылса, қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді» [2. 91 б.]

Қазақ жерінде жүргізілген отарлық сипаттағы аграрлық саясат нәтижесінде табиғат игіліктерін пайдалану жүйесі сапалық тұрғыда өзгерістерге ұшырады. Өйткені, этникалық кәсіп пен экологиялық мәдениет бір бірімен өте тығыз байланысты және ажырамас ұғымдар. Сондықтанда, ресейлік шаруалардың далалық облыстарға, яғни табиғи ортасы мүлде бөлек жаңа жерлерге жаппай қоныс аударылуы олардың дәстүрлі экологиялық мәдениетінің жоғалуына әкеп соқтырды. Бұрынғы үйреншікті табиғи-климаттық, географиялық ортада сан жылдар бойы қалыптасқан дағдылары мен шаруашылық жүргізу тәжірибесі мүлде басқа табиғи ортада іске жарамай қалды. Ал жаңа ортаға бейімделгенше ондаған жылдар қажет еді және осы уақытта өзін қоршаған ортаға едәуір нұқсан келтіріп үлгеретін болды. Бұл әсіресе, орыс шаруаларының егін шаруашылығын жүргізуінде ерекше көрініс тапты. Өйткені, Қазақстандағы қоныс аударушылар шаруашылығы еуропалық Ресейдегі шаруалардың шаруашылығымен генетикалық жағынан байланысты болды. Шаруа өзі туып-өсен деревнясындағы қарапайым техниканы қолданып, жаңа жерлерге шаруашылық жүргізудің нақ сол экстенсивті әдісін ала келді. Тіпті, техника қолдануды ұлғайтуға және жер өңдеуді жақсартуға материалдық мүмкіндігі бар ауқатты қожайындардың өздері де егіс алаңын жай ғана кеңйтуді артық көрді. Сөйтіп, шаруаның арманы – жердің молдығы оның шаруашылығын тұйыққа тіреген болып шықты. [3. 491 б.]

Әлихан Бөкейханның “Зимнее и летнее содержание овцы” атты еңбегінде осы мәселелерге байланысты келесі тұжырымдарды аңғарамыз: Величина зимнего овечьего стада. Овцы “қыстау” составляют одно стадо, так называемое “қой кора”. Величину зимнего овечьего стада они киргизы определяют в 150-300 голов; в стаде больше этого – слабым овцам не будет доставать корма; по этой причине киргизы, имеющие 600 и более голов овец, пасут их в двух и более стадах, при этом “тоқты” составляют особое стадо им выбирается малоснежное пастбище- “тоқты қыстау”. Вообще овцы могут доставать корм из глубины до ½ аршина при рыхлом уплотнившийся снеге: обыкновенно на овечьих пастбищах – на склонах и хребтах гор – снег не превышает толщиной нескольких пальцев; глубокий снег приходится расчищать, когда овца достает корм, похороненный в заносах около кустов карагана и таволги (тобылги), растущих повсюду в Степном крае. [1. 105 б.]

Козы в общем стаде. Козы менее выносливы против зимы, портят пастбище, бесполезно делая много следов на целине (тың) – “соны”, которая от этого уплотняется и выходит неиспользованной из общего фонда зимнего пастбища, и коза не может достать корма там, где овца легко справляется, вследствие этой причины коза нуждается в стойловом содержании или, по меньшей мере, требует обширных и богатых пастбищ, так как любить выбирать только то, что выдается над снегом и, как выше указано, портит пастбище. [1. 106 б.]

Приемы использования зимних пастбищ овцами. До выпадения снега овец пасут по всей территории “койболика” с целью вытравить мелкой, вкусной травы, в начале выбираемая овцами, чтобы эти травы не оставались потом под снегом, из под которого овца выбирает более крупный, менее вкусный корм, пренебрегаемый до снега, когда много корма и есть выбор. По первому снегу вытравляются овцами равнины, ущелья и такие склоны гор, которые потом в разгар зимы заносятся снегом. [1. 107 б.]

Прикармливание овец сеном. Там, где есть запасы сена, в буранные и морозные дни овец прикармливают незначительными дачами сена, предлагая их овцам утром перед угоном

на пастбище; прикармливание начинается со слабых овец и к концу зимы распространяется на значительной % стада. В самые лютые морозы оно совсем не выгоняется на пастбище, в а ауле получает незначительное количество сена, запасенного исключительно для таких критических моментов. Если сена мало, или его совсем нет, как это бывает на юге Степного края, где нет покосов, то стадо выпускается на ближайший к аулу “корык”, на нем расчищают, если он глубок или тверд.[1. 109 б.]

Рациональные приемы использования овечьих зимую. Зимнее пастбище – “кыстау” стравляется овцами в течение зимы от периферии к центру его, с наихудшего к наилучшему. Овца как и прочий скот, зимую с каждым днем худеет; чтобы поддержать его надо переводят скот в лучший из лучших пастбищ: на самые тяжелые периоды зимы приходится самые лучшие пастбища, как говорят: “эр айдың оты бөлөк” – для каждого месяца свой корм, “шаруа” - хозяйственного человека к критическому времени – исходу зимы, когда вытравляются последние пастбища, они оказываются лучшего достоинства – “корык”- и не далеко от усадьбы; запасное пастбище, сохраненное вблизи усадьбы, составляют славу “шаруа”, которого не без – копченое мясо, лакомое блюдо, запасаемое из “соғым” – а – зимней забойки и сберегаемое редкими бабами до следующего года и более.[1. 111 б.]

Уход за слабыми овцами. В январе и феврале отстают от стада старые дойные овцы и “токты”, которая выделяются особенной худобой, прогрессирующей с каждым днем. “Токты” выгибают спину – “бүкшиді” и становятся поджарыми. В первое время отстающих овец одевают куском кошмы – “жабу” – покрывало, на пастбище их выделяют на особый лучший участок, если нужно, на нем расчищают снег, при недействительности этих мер тощей овцы – “арык кой” – выделяются в особое стадо и утром, и вечером получают незначительное количество сена, если оно есть. “Арык кой” пасется на “корык” вблизи аула, при чем для этого стада выбираются пастбища, расположенные на “күнгей” – солнечной стороне горных хребтов, за стадом наблюдать дети или старики, неспособные на другой работы, от них требуется охрана “арык кой” к концу слабеют и теряют силы до такой степени, что сами не могут вставать с места, их тогда поднимают люди и они от этого называются “көтерем кой” – поднимаемая.[1. 112 б.]

Весеннее кормление овец. С возрождением весной природы открывается простор пастбища (весно никто не охраняет границы своей земли), с людей снимается бремя забот об экономии пастбища и уход за овцами до крайности упрощается. Ранней весной овец пасут на солонцах. Весь аул, или часть его, с овцами откочевывает на солонцы - «ашы», где овцы быстро поправляются, о чем дает знать «жабаты», выпячиваемая снизу дружно выступающая молодая шерсть, овцы. В период ягнения, которое происходит вблизи «кыстау» или на нем, но овцы в это время ночуют не в «кой кора», а под открытым небом; овцы пасутся как попало: вдали вблизи аула; в это время заботятся больше всего о получении больше молока; судьями в этом являются дойщицы-бабы, и по их указанию стадо дольше держится там, где овцы дают больше молока; такими пастбищами являются весной горы, поросшие горным луком «жуа» и равнины с «паныр». Со времени доения овец, которое наступает с момента ягнения, пастба стада регулируется ладою овец: в апреле, в мае овец доят два раза в день - в полдень и вечером, соответственно этому стада два раза угоняются в аул и пригоняются обратно; доят овец в день два раза.[1. 114 б.]

Приемы пастбы летом. Овечье стадо с восходом солнца угоняется в поле и выпасывается по утренней прохладе на высоких пастбищах; с наступлением жары овцы сбиваются в кучи, перестают пастись, тогда стада спускают в долину реки, ключа, в низины озера или болота (томар), где овцы остаются до спада жары, после чего опять соняются на возвышенных и сухих пастбищах, стравляемых вечернею прохладой. Овечье стадо мало кочующих или оседлых людей - «жатак» - лишено возможности в жару спускаться в дологовые долины с водою и остающееся все время на возвышенных сухих местах, летом плохо поправляется, подвергаясь частым заболеваниям. Летом, как и зимую, пастбища пресным кормом и солонцами чередуется по мере надобности того и другого; злоупотребление солонцами выражается поносами у слабых старых овец и ягнят без маток - «жетім козы»

(сирота ягняток), наоборот, спрос на солонцы выражается легким насморком овец и изменением комочков кала.[1. 115 б.]

Әлихан Бөкейханның шаруашылық туралы айтып кеткені және мал тұқымын қалай асылдандыру,егін егу және малды қысқы азықтандыруға қажетті шөп мөлшерін есептеуі өмірі малмен тығыз байланысты қазақтар үшін маңызы зор болды. Көшпелі қазақ еліне Әлихан Бөкейхан жерді қалай күту керек екенін де айтып кеткен. Оған ғалымның мына сөздері дәлел болады:"Жеріңді сақта.Оны жаман етіп ұстама, сонда ғана көбірек, өсімтал болып саған тауып береді.Көбірек жаһұт етіп жеріңнің үстін жұмыста, оны тереңірек һәм қопсытып жырт, сонда ғана саған молырақ һәм маңызды егін өсіріп, тауып береді.Егін егу үшін жақсы тұқымды таңдап ал, сонда ғана ол өсімтал болады-дүр.Малыңды ая және асыра, сонда ғана ол саған ұзағырақ қызмет қылады. Жұмысыңның бәрін де уақытысында істе, өзіңнің уақытыңды босқа жібермес үшін.Тазалығыңды байқа, тазалықты тұрсаң сау-саламат боларсың.Жерге егін салатұғын саймандарыңды күтіп тұр, бұлар жерді жақсы жырттып және жұмысты оңай етеді.Өзіңнің қиналып жұмыс қылып тапқан ақшанды сақта, мұны бет алдына өзіңнің қызығына зиян келтіретұғынға яки керегі жоқ қызық орындарға жұмсама.Ағашты сақта, айналана ағаш ек.Ағаш құрғақшылыққа да болысады және отқа да тоқтау қылады. Жаһұт еткен пайда келтіретұғындардың бәрінен де пайда алмақты, шаруаның ішіндегі бір нәрсенің тегін өлмесін, баршасы да бірі болмаса біріне жарап тұрсын.Шаруа турасынан жақсы ақыл айтқанды тында.Не үшін десеңіз, бұл айтқыштар саған жақсылық болсын деп қамқоршылық етеді, сенің күй-жайың артылсын деп,сенің қылған жұмыстарыңның түбі қайырлы болсын деп."- жазған екен.Ауыл шаруашылығы туралы қазақ халқы арасынан алғаш ғылыми еңбектер жазған Әлиханның малды қалай күту,қалай асылдандыру туралы ғылыми тұрғыда дәлелдеп жазуы қазіргі кездің өзінде таңғалдырмай қоймайды. Ғалым атамыз «Жылқы, қой-ешкі малдардың тұқымын асылдандыру үшін шеттен іздемей-ақ,қазақтың өз малынан таңдап, ең жақсы тұқымынан үйірге айғыр, қошқар салу керек. Қазақ малының тұқымы өте жақсы, жалғыз-ақ соны тағы да арттыруға біраз еңбек сіңіру тиіс.Сиыр тұқымын асылдандыру үшін қазақтың өз малынан табылған жақсыларын таңдап араластыруға керек, болмаса тәжірибеде тауар пайдасы көрінген қалмақ сиырынан тұқым алу керек.Егер бұған салақтық қылса, еткен еңбек босқа кетеді.Міне, сол себептен қазаққа шөп шабатын машина алу керек және шөпті куратпай мезгілінде шауып аларға керек.Мал қыс күнінде азыққа тарықпаса, іріленіп тез өседі.Әрине,тым суық борандарда далаға шығармай қолда күту артық.Жұрттың көбі үйірге қосатын айғыр, бұқаларының жақсы-жаманына көз жібермейді.Малдың еркек,ұрғашы екі жағы да бірдей тәуір болса, тұқым асыл болуын естен шығармаған жөн.Және қазақ малы құнажын, дөнежін де балалайды, бұл да пайдасыз нәрсе.Малдың тұқымы уақтанып өспей қалады» - деп көпшілікке түсінікті түрде жеткізіп, жазып кеткен.[4. 14 б.], [4. 58 б.]

Мал шаруашылығымен қатар, Әлихан Бөкейхан егіншілік ісінің дамуына да біршама ғылыми жұмыстарын арнаған.Өз ұлтының тек малмен шектелмей , егін егіп тұрмысын түзеп, көркеюін құптаған ұлы ғалым атамыз:«Енді егін егу,осы күнгі егіп жүрген астық шөптері,мысалы:бидай,тары,қарабидай,арпа-бәрі де бұрынғы кезде ешкім екпей өздігінен шыққанымен бұл күнде өздігінен еш жерде шықпайды.Екпей шығатын тұқымдары таусылып бітіп, ексе шығатын тұқымдары ғана сақталған.Бұлар егуге сүйеніп дағдыланып, екпесе шықпайды да және еккенде өсуі көп күй талғайды.Жерді жыртпай, тырмалай егін егуге болмайтынын әр кім біледі.Тұқым шашатын орын даярламай, сұрып жерге ешкім тұқым шашпайды.Бірақ егіншілердің көбі жыртса,тырмаласа,сонымен егін жұмысы тәмам деп біледі.Қандай жерге қай астықты егу, қашан және қанша рет жырту, тырмалау,қысқасы егін жақсы шығуына жырту мен тырмалаудан басқа қандай білім керек-оны егіншілердің көбі білмейді. Ол білім: еккен тұқымға не керек екенін білу, оған не нәрсе пайдалы,не нәрсе зарарлы екенін білу.Шашқан тұқым жас бала,малдың жас төлі сияқты.Орны жайлы,тамағы тоқ болса жақсы өседі.Жерді жырту,тырмалаудағы мақсат орын жайғастыру,неғұрлым жақсы жыртылса,тырмаланса соғұрлым шашқан тұқымға жайлы болмақшы.Өйткені тұқымның тамыры таралып, бойы көтерілу үшін жолында бөгет болмасқа керек.Олай болу үшін жер қатты болмай жердің босаңқы,болбыр болуы жақсы тырмалаудан .Тұқым түскен жердің ас

болатын заттары табыларға керек. Ол заттарды жібітіп ас қылатын топырақтың ішінде ылғал болуға керек. Яғни, тұқым шашатын жердің топырағы дымқыл боларға керек. Егін жатқан жерде басқа жат шөптер болса, олар егіннің жерден алатын тамағына ортақ болып, егінді ашықтырады. Олай болмас үшін егін еккен жерді жат шөптерден ада қылу керек. Тұқым жиі шашылса тамақ жетпейді, онда егін ашығады. Олай болмас үшін әр жердің түріне қарай мөлшерден тысқары жиі шашпасқа керек. Тұқым толық, жақсы болса егін де толық жақсы шықпақшы. Олай болған соң тұқымның таңдап жақсысын алып шашу керек» деп өз ойын ғылыми тұрғыда тұжырымдаған. [4. 40 б.]

Қорытындай келе, халқымыздың ұлы тұлғасы, Алаштың мақтанышы Әлихан Бөкейханның ғылыми тұрғыдағы, ауыл шаруашылығы жайлы жазған еңбектері бүгінгі таңда өзінің маңыздылығын көрсете отырып, еліміздің шаруашылығының дамуына үлкен серпіліс беретіні айқын. Қазақ халқының дәстүрлі өмір салты ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты екендігін және қазақ ұлтының жарқын болашағы малдың асылдандыруында сонымен қатар, құнарлы жерге егілген егіншілікте екенін тәтпіштеп тұрып, көпшілікке ұғынықты түрде баяндап бергендігіне көз жібереміз. Көрнекті энциклопедист, ғалым, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның ғасырға жуық бұрын жазған еңбектерінде ауыл шаруашылығына ғылыми селекцияға негізделген рационалды көзқараспен қарау керек деген ой-пікірін енді түсініп жатқандаймыз. Ғалымның қазақ даласындағы мал шаруашылығы туралы жазылған еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдары қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мал шаруашылығын дамытуда тәжірибелік маңызға ие болып табылады. Оны біз қазіргі таңдағы ауыл шаруашылығының жаппай мал шаруашылығын асылдандырып, құнарлы көпжылдық шөп өсіруді қолға алғандығынан көріп, байқап отырмыз. Сол аласапыран заманда өмір сүре жүріп, қазақ халқы үшін мал мен бидай тұқымына селекция жүргізуден бастап қысқы шөп шөбінің мөлшеріне дейін есептеп жазуы да ерекше. Ғылыми еңбегімізді зерделей отырып, «Алаш» қозғалысы көшбасшысы атанған Ұлы даланың кемеңгер тұлғасы Әлихан Бөкейханның, өз халқының жарқын болашағын алдын ала болжаған «қазақ даласы табиғатынан ақылды және қабілетті, қазақ халқы болашақта, өркениет жолында іргелі жетіктіктерге жетеді», - деген сөздерімен тұжырымдаймыз.

Олай болса, елінің егемендігіне, халқының тәуелсіздігіне бар ғұмырын арнаған, ғылыми тұрғыда сан алуан еңбек қалдырған Әлихан Бөкейханның осы арман тілегін іске асыру - бізге, келер ұрпаққа парыз болып табылады!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейхан А.Н. Шығармалары. - Т.3. - Астана: Сарыарқа баспасы, 2017. - 616 б.
2. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ., Бөкейханов. Ә. Жауап хат. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 560 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Алматы: Атамұра, 2002. - Т.3. - 768 б.
4. Сақ. Қ.Ө., Ерікқызы Э., Дәулетқызы А. Алаш көсемсөзі: Шаруашылық мәселесі. - Т.4. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 400 б.